Периодтық заң және атом құрылысы – мектеп химия курсының негізі. Ол химиялық элементтер және олардың қосылыстары туралы білімді бір жүйеге түсіруге, түсіндіруге және батыл болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Атомның құрылысын анықтауға, жаңа элементтералуға және синтездеуге жол-жоба көрсетеді. Периодтық заңның негізінде атомдық физика, химия және басқа да жаратылыстану ғылымы жедел дамыды.

Периодтық заң және атом құрылысы өтілген соң химия курсының теориялық деңгейі артады. Оқушылардың түсінуінше химия суреттеме ғылымынан теориялық ғылымға айналады. Химияны оқып үйренуде дедукцияның маңызы күшейеді. Периодтық заң және атом құрылысы туралы оқу материалы элементтер және олардың қосылыстары қасиеттерінің периодты түрде өзгеретіні және оның себептері жөнінде ұғым қалыптастырады.

Атом құрылысы теориясы және периодтық жүйе мен заң тұрғысынан қарастырылатын түсініктер. Атом, атомның құрамы, ядро, ядроның заряды; Элементтің салыстырмалы атомдық массасы, атомның абсолюттік массасы; Химиялық элемент, реттік нөмірі; Топ, топ нөмірі, период, период нөмірі; Атом радиусы; Электр терістілік-ЭТ; Периодтық жүйе, периодтық заң т.б.

8-сынып химияның бастапқы ұғымдарын қалыптастыру әдістемесі.

Атом құрылысы теориясы тұрғысынан кейбір ұғымдар (атом, химиялық элемент, т.б.) жоғары сатыда қайта қарастырылады. Соңғы уақыт талабына сай жаңа бағдарламаларға көшубарысында химияның бастапқы ұғымдарын оқытуда теорияларға, атом құрылысы теориясы мен периодтық заңға сүйенуді авторлар ұсынады.

Авторлар өзінің әдістемелерінде 2 идеяны негізге алады: I-III периодтағы элементтердің атомдық құрылысын электрондық бұлттар түсінігін пайдаланбай-ақ, электрондық схемасын беру; Оқытудың осы кезеңінде периодтық жүйені тек анықтама кесте ретінде қолдану;

Химиялық элемент, оның таңбасы, атомның құрамы және құрылысымен байланысты анықталады, элементтердің салыстырмалы атомдық массасы, атомның абсолюттік массасы туралы алғаш түсініктерді дұрыс қалыптастыру үшін изотоптар түсінігін қолданады. Сонда оқушылар бұл түсінікті тереңдетілген түрде оқытудың ғылыми принциптеріне сәйкес анықтамасын атом құрылысын ескертіп дұрыс қабылдап, біліп алады.

Периодтық жүйені анықтама кесте ретінде қолдану авторлардың пікірі бойынша оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіре отырып бастапқы химиялық ұғымдарды бірден қатесіз дұрыс қалыптастыруға көмектеседі.

Мысалы, химиялық элемент анықтамасын білген соң, мұғалім әр элемент атомының ядро зарядының саны периодтық кестедегі реттілік нөміріне сәйкес келетіндігін түсіндіріп, бірнеше элементті алып мысал келтіреді. Мұғалім әңгімесін жалғастырады; ядро айналасында электрондар қабат түзе орналасады. Электрон қабатындағы электрондардың тах. Саны  $2n$ ,  $n$ -қабат саны формуласы бойынша есептеледі. Мұғаліммен қосыла отырып, оқушылар 1-ші және 2-ші қабаттың схема құрылысын сызады. Мұғалімнің үйге тапсырма берудегі мақсаты-оқушылардың сабақта алған білімдерін бекіту.

Элементтің салыстырмалы атомдық массасы, атомның абсолюттік массасы деген ұғымдарын оқушылар толық дұрыс қабылдап, біліп алуы үшін де атом құрылыс теориясын периодтық жүйені, изотоптар түсінігін орынды қолданғаны жөн. Оқушылар бұл түсініктерді толық, терең түсініп қолдануы олардың жалпы даму деңгейіне де тікелей тәуелді және осы тақырыптарда пән-

аралық байланыстарды пайдалануды есте ұстау керек. Мәселен, физика және математика пәндерінен алынған оқушылардың білім деңгейі жоғары болған жағдайда ғана, химиялық-элементтердің салыстырмалы атомдық массасы, атомның абсолюттік массасы деген түсініктерін оқушылар терең де толық игере алады деп ойлаймыз.

Мысалы, 1 массасының атомдық бірлігі атомы массасының  $1/12$  бөлігіне тең, яғни 1,66. 10 кг-ға тең. Осындай сандарды бөлуді математикадан өтті ме, жоқ па? Өтсе оқушылар дұрыс түсіне ме деген мәселені мұғалім анықтай алуы керек. Одан соң оқушыларға атомның құрамына протон нейтрон кіретінін физикадан танысты ма, жоқ па деген мәселені мұғалім білуі керек, сонда изотоптар түсінігіне көше отырып, Элементтердің бірдей изотоптардың массасы неге әр түрлі екенін түсіндіреді. Мұғалім оқушыларды мынадай қорытындыға әкеледі: бірдей элементтің изотоптарының массасы әртүрлі болады, себебі олардың атомдарының ядроларының құрамындағы нейтрон саны әртүрлі болады. Одан әрі мұғалім оқушыларға протон мен нейтрон санының бүтін болғанмен де, көпшілік элементтердің салыстырмалы атомдық массаларының саны да бөлшек сан болатын себебін түсіндіреді.

Аг-элементтердің барлық изотоптарының салыстырмалы атомдық массаларының ортақ арифметикалық саны. Бұнда міндетті түрде олардың табиғатта таралуының пайызы алынады.

Бұдан кейін оқушылар периодтық кестені пайдаланып, бірнеше элементтердің салыстырмалы атомдық массаларымен танысады.

Оқушылар білімдерін бекітіп, дамыту үшін оларға сәйкес жаттығуларды, есептерді орындауға үйге тапсырма береді.

Көп авторлар оқушылардың «химиялық элемент» және «жай зат» түсінігін шатастыратыны туралы пікір білдіреді. Осы түсініктерді айыра білу үшін де периодтық жүйені пайдаланған авторлар тиімді әдістерін ұсынып отыр.

Кітаптағы периодтық кестені ашып, металл емес элементтердің таңбаларын қызыл қарындашпен айналдыра сызып қою керек. Онсыз оқушыларға жұмыс істеуге қиын болады. Мұғалім заттарды химиялық формуламен белгілеу керек екенін айтады.

Сонымен қатар бұл сабақта заттардың өзін көрсету және олардың формулаларын жазу арқылы жай заттар мен күрделі заттардың құрамын салыстыру керек екені туралы жазады. Мұғалім оқушыларды сыртынан қарағанда жай заттар және күрделі заттарды ажырату мүмкін емес екеніне сендіреді. Оларды тек химиялық формула арқылы ажыратуға болады. Мұғалім химиялық элементтерге қарағанда жай заттардың көп тарағандығын айтады. Оның себептері:

Молекуладағы атомдардың саны әр түрлі

Кристалдарының құрылысының әр түрлі болуы («алма, графит»)

Сонымен аллотропия құбылысымен таныстыру арқылы «химиялық элемент» және «жай зат» түсінігін ажырата білуді үйретеді.

Нақты айтқанда химияның бастапқы негізгі ұғымдарын оқушылар біліп, игеріп алмайынша, оларға келесі тақырыптарды түсініп, жете білуі қиынға түседі. Содан барып білімдерінде ақаулықтар, кемшіліктер, олқылықтар пайда болады.

Мысалы, химияның маңызды келесі тақырыбының бірі Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары. Бұл тақырыпта оқушылар үнемі бастапқы химияның ұғымдарын қолдану керек.

Химия курсының алғашқы тақырыбында және орта мектеп курсына қалыптасатын ұғымдар жүйесі зат және химиялық реакция ұғымдарынан тарайды. Мұндағы оқушыларға берілетін негізгі базалық ұғымдардың сатыларына тоқталатын болсақ: зат, заттың қасиеттері, молекула, атом, салыстырмалы атомдық және молекулалық масса, элемент, валенттілік, химиялық таңба, химиялық формула, химиялық реакцияның жүру жағдайлары және басталуы, Химиялық реакциялардың типтері.

Бұл ұғымға анықтаманы екінші ұғым арқылы, мысалы «элемент дегеніміз атомдардың бір түрі», «Бір элемент атомынан тұратын заттар жай заттар деп аталынады», - т.с.с.

Сонымен, атом құрылысы, периодтық заң және периодтық жүйе туралы материалды ойдағыдай игеру шарттарына мыналар жатады:

Атом, элемент, салыстырмалы атомдық масса, жай және күрделі зат, заттардың физикалық және химиялық қасиеттері, амфотерлік ұғымдарын жетік білу.

Бейорганикалық қосылыстардың маңызды кластары жөніндегі білімді тиімді пайдалану.

Тарихи негізді орынды жүзеге асыру.

Оқытудың диалетикалық сипатын қамтамасыз ету қайшылықтарға, оларды шешу жолдарына мән көңіл аудару.

Оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын жиі және тиімді ұйымдастыру: қосымша әдебиеттерді оқуға ұсыну; элементтерге карточкалар әзірлеу және олармен жұмыс; кестелер және сызбанұсқалар сызу; тәжірибелер жасау т.б.

Зерттеу әдістерін жиі қолдану; периодтық заңдылықты қорытып шығару; оқылмаған элементтер мен қосылыстардың қасиеттерін болжау.

1. Нұғманов И.Н. Химиялық білім берудің педагогикалық негізі- Қазақстан мектебі, № 6, 1999. 50-53 Б.
2. Өнербаева О., маманова с. Бастапқы химиялық ұғымдар тарауына әдістемелік талдау. Химия мектепте, № 2. 2007. 17-21 Б.
3. Өнербаева О., Нұрахметова А. Р., Түсініктер жүйесін қалыптастыру. Химия мектепте, 2007. № 3, 2007. 10-13 Б.
4. Нұрахметов Н. т/б. Химия оқулығы, Жарат-матем. бағыты.-Алматы: Мектеп 2004.
5. С.Шаповаленко Г. Методика обучения химии в восьмилетней и средней школе (общие вопросы). – М.: учпедгиз, 1963.

### Резюме

В статье рассматривается теория строения атома, а затем выводятся периодический закон в свете электронных представлений. Теорию строения атома и периодический закон изучают сразу после Менделеевской трактовки периодического закона.

### Summary

In article it is considered, the theory of a structure of atom in the beginning is studied, and then deduce the periodic law in the light of electronic representations. In a course of chemistry the theory of a structure of atom-a basis for studying of the periodic law, a chemical bond and structure of substances, valencies and degrees of oxidation, laws of course of chemical processes and systematization chemistry elements.

ӘОЖ 378.016.091.26:004(574)

## ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА БІЛІМДІ БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕМЕСІМЕН ҚҰРАЛДАРЫ

**А.Е. Сағымбаева** - п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ

Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың білім беруге кеңінен енгізілуі бүгінгі күні оқыту түрлері мен әдістерін модернизациялаудың негізі болып табылады. Қашықтықтан оқытудың жаңалығы мен оның ерекшелігіне қарай қашықтықтан оқыту әдістері мен құралдары оны ғылыми негіздей отырып, динамикалық жаңартып отыруды талап етеді. Қашықтықтан оқыту оқушылардың өзіндік оқу-танымдық іс-әрекеттерін қарастыратындықтан, қашықтықтан оқытуда оқушылармен кері байланыс өте маңызды рөл атқарады, ол үшін оқушылардың білімін бақылаудың әдістері мен құралдарын жасау қажеттігі туындайды.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру бүкіл оқу үдерісі құрылатын платформамен байланысты. Қашықтықтан оқытудың қазіргі кезде белгілі платформалары («Прометей» қашықтықтан оқыту жүйесі, «WebTutor» жүйесі, «Доцент» қашықтықтан оқыту орталығы және т.б.) және қашықтықтан оқытудың барлық кезеңдерінде интерактивті құрылғыларды білім бақылауды синхрондық және асинхрондық түрде жүргізуді сүйемелдейтін тестілеу жүйелері (ExamView Test Generator, менеджер ExamView Test Manager конструкторларынан тұратын ExamView Assessment Suite кешені, ExamView Player тестері және т.б.) бар.

Қашықтықтан оқытуда білім бақылау құралдары қазіргі кездегі білім бақылау технологияларына негізделген. Қашықтықтан оқытуда білім бақылаудың негізгі түрі тестілеу болып табылады, тестілеудің ерекшеліктерін тест тапсырмаларын жасауда ескеру қажет. Тест түріндегі тапсырма-



лар оқытудың кезеңдеріне байланысты түріне қарай ажыратылады (оқу ақпараттын қабылдау кезеңі, оқу ақпаратын өңдеу және меңгеру кезеңі, оқыту қорытындысын шығару кезеңі).

Жоғары оқу орындарында оқытудың сапасы студенттердің өз бетінше және кәсіби қызметке шығармашылықпен жұмыс істеу біліктіліктерін меңгеруімен анықталады. Бұларды анықтау үшін білім, біліктілік пен дағдыны бақылау қолданылады. Қашықтықтан оқытуда білімді бақылау сапасы ақпараттық технологияны іске асырудың толықтығына және студенттердің білімін бақылауда бақылаудың дәстүрлі түрлерін тиімді қолдануға тәуелді болады.

Бірақ қазіргі кезде оқу пәндері бойынша қорытынды бақылау көбінесе дәстүрлі әдіспен қабылданады, ал қашықтықтан бақылау тек қана компьютердің көмегімен іске асырылады. Студенттің емтихан графигі бойынша белгілі бір аудиторияларда тестілеуге қатысуы талап етіледі. Оқыту үдерісін толықтай автоматтандырудың қажеті аз, оқытушы мен студенттің өзара әрекетін жоққа шығаруға болмайды.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде білімді бақылау өзін-өзі тексеру, тренинг және емтихан түрінде жүргізіледі.

Өзін-өзі тексеру жағдайында студентке бақылау материалдары кез келген уақытта қолжетімді болуы және тесті тапсырмаларын орындау санына шек қойылмауы қажет. Студент өзін-өзі тексеріп болғаннан кейін жинаған ұпай саны, дұрыс жауаптары, өзінің берген жауаптары, оқытушының берген түсініктемелері берілетін бақылау нәтижесі жайлы есепті көре алуы қажет.

Тренингте бақылау сұрақтары студентке бақылау үдерісінде өзін-өзі тексеру үшін беріледі. Бақылау тапсырмаларын орындағанда студент өз жауабының дұрыс немесе дұрыс еместігі жайлы жүйеде жылдам кері байланыс орната алады, сонымен қатар оқытушының түсініктемелері мен дұрыс жауаптарды көру мүмкіндіктеріне ие болады.

Емтихан кезінде студентке білімін бақылауды тек қана бір рет өтуіне мүмкіндік беріледі. Қашықтықтан оқыту жүйесінде емтихан тестілеу түрінде жүреді. Оқу пәнін жүргізуші тьютор барлық оқу топтарына немесе жеке студентке тест тапсыруға рұқсат береді. Тест студенттің виртуалді өз кабинетінде (студенттің интерфейсі арқылы) тьютордың емтиханға берген белгілі бір уақыт аралығында ғана қолжетімді болады. Студент емтиханды қайта тапсыру үшін оқу пәнін жүргізуші тьютордан рұқсат алуы қажет. Емтиханның қорытындысы тек қана қорытынды нәтижені, яғни студенттің жинаған ұпайын ғана береді.

Білімді бағалау дихотомиялық сызба немесе политомиялық сызба түрінде жүргізіледі. Білімді бақылаудың дихотомиялық сызбасы қарапайым сызба болып табылады, студент жүз пайыз дұрыс жауап бергенде ғана ұпай ала алады. Бағалаудың политомиялық сызбасы жауаптың әрбір элементін жекеше бағалайды және барлық жауап элементтерінен нақты элементтер санына белгілі бір ұпайларды есептейді.

Мұндай сұрақтарға мысал ретінде «сәйкестік» және «көптен көп» сияқты сұрақтарды алуға болады. Бағалаудың политомиялық сызбасын қолданып қойылған әрбір сұрақты бағалауда тьютор жауап элементтерінің дұрысының ең кішісін беруі қажет.

Қазіргі кезде студенттердің білімін бақылауда сұрақтардың санын есептеудің ешқандай нормативтері жоқ. Бақылау тапсырмаларын жасағанда тьютор студенттердің білімін бақылауға қажетті сұрақтардың орташа саны мен уақытын анықтауы қажет. Жоғары оқу орындарында 2 сағат көлеміндегі дәріс бойынша студенттердің білім деңгейін бақылауда бір бақылау тапсырмасында әдетте 10-12 сұрақ беру жеткілікті деп есептеледі. Тестілеу уақыты екі бөліктен тұрады, бірінші бөлігі - сұрақтарға жауап беруге арналған жалпы уақыт, ал екінші бөлігі - байланыс арнасының өткізу мүмкіндігін ескеретін желі бойынша байланысқа кететін уақыт.

Қашықтықтан оқытуда тестегі сұрақтар санын анықтауды қарастырайық. «Тестегі жалпы сұрақтар саны», «студентке ұсынылатын сұрақтар саны» ұғымдарының бар екендігі белгілі. Қашықтықтан оқыту жүйесі сұрақтарды араластыру және жалпы сұрақтардан белгілі бір сұрақтарды кездейсоқ таңдап алу мүмкіндіктерін беретінін ескере келсек, тестегі жалпы сұрақтар саны студентке берілетін сұрақтар санынан екі еседей көп болуы қажет. Сұрақтардың жалпы саны көп болған сайын студенттің қолданбалы сұрақтар жиынын алу ықтималдылығының жоғары болатыны түсінікті. Бұл студенттің білімін дұрыс, әрі нақты бағалауға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту жүйесінің жауаптарды араластыру құралын студенттің механикалық түрде жауап беру-

ін болдырмау мақсатында қолданған тиімді.

Тест тапсырмаларын категориялары (оқытылған тақырып немесе басқа белгілері) бойынша «Секция» опциясының көмегімен топтастырута болады, ол белгілі бір тақырып бойынша қажетті сұрақтар санын беруге, сонымен қатар тестегі тақырыптарды басқаруға мүмкіндік береді. «Секция» опциясы әдетте қойылулары бірдей, бірақ шарттары әртүрлі фасетті тапсырмаларды құруда қолданылады.

Жоғары оқу орындарында қашықтықтан оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану классикалық педагогиканың білімді бақылау әдістерін қазіргі деңгейде қолданылуын жоққа шығара алмайды. Студентті өз бетінше жұмыс істеуге және өз бетінше дұрыс шешім қабылдауға үйрету мақсатында студент пен оқытушының арасында дискуссияны, «дөңгелек үстелді» әңгімелесу, талқылау, пікірлесу түрінде қолдануға болады.

Қашықтықтан оқытуда оқу үдерісін басқару үшін және студенттерге оқу материалын беру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылады. Қашықтықтан оқыту технологиясы оқу сабақтарын «on-line» және/немесе «off-line» режимдерінде өткізуге негізделеді. Егер бірінші режим білімді бақылауды нақты уақытта тікелей өзара оқу әрекетінде (бейнеконференция, чат, телефонмен әңгімелесу және т.б.) қарастырса, оқу сабақтары екінші режимде студенттердің білімін бақылаудың (электрондық пошта, оқытушының тапсырмасы бойынша ағымдық және/немесе қорытынды бақылау тапсырмаларын тапсыру үшін студенттің оқулықпен жұмыс істеуі) асинхрондық үдерісін қарастырады.

Жоғары оқу орының ақпараттық-білім порталы қашықтықтан білім беру технологиясының ерекшеліктерін ескеруі керек және арнайы серверде орналастырылған қосымша қашықтықтан оқыту жүйесінен тұруы қажет.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде өз кезегінде студенттердің оқу әрекеті мен қашықтықтан оқу курсының тыңдаушысы ретінде студенттің алға қарай жылжуын үздіксіз бағалаудың автоматтандырылған ішкі жүйесі болуы керек. Ол үшін студенттің білім деңгейі сапасының бағасын үнемі қадағалап отыру керек және әр түрлі тест тапсырмаларынан тұратын тест тапсырмалараның қорла-ын дайындау қажет: көптен біреуге; көптен көпке; енгізу алаңы; бірнеше енгізу алаңы; реттеу; бимодальді сұрақтар; ашық жауап; бірнеше қалып кеткен сөздер; сәйкестік; «drag and drop» және т.б.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің тест дизайнері сұрақтарға мультимедиалық файлдарды, сұхбат элементтерін, түсініктемелер және т.б. кірістіре алады.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде білімді бақылау мынадай шаралардан тұрады: қашықтықтан оқыту үдерісінің субъектілеріне қолжетімділік пен құқықты анықтау; қашықтықтан оқыту жүйесінде рұқсат ету мен көріну аумақтары арқылы рөлдік қолжетімділікті басқару; залал келтіруші программалар шабуыл жасағанда, апатты жағдай туғанда жүйені қорғау құралдарын автоматты түрде басқару; қашықтықтан оқыту жүйесінде оқыту үдерісінің субъектілерінің әрекетін хаттамалау; қашықтықтан оқыту жүйесінің контентін басқару; контингентті басқаруды және оқу іс-әрекеті бойынша мәліметтер құрылымын қалыптастыру; тестілеу жүйесінің қызметі.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде білімді бақылау мен бағалауды ұйымдастыру білім беру стандартына сәйкес жүргізіледі. Бақылау тапсырмалары да білім беру стандартына сәйкес құрастырылады және мазмұндық модульге сәйкес болуы қажет.

Қашықтықтан оқытуда есеп берудің әрүрлі типтерінің көп болуы қолданушының өзінің қалауы бойынша есеп түрін шығаруына мүмкіндік береді. Осылайша қашықтықтан оқыту нәтижесінде студенттер жұмыс істеп болғаннан кейін жүйеде олардың оқу іс-әрекеттері мен оқу жетістіктері жайлы жан-жақты есептер қалады. Бұл есептер оқыту үдерісін түзетуге және болашақ маман болып қалыптасуына негіз болады.

Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқу өзара әрекеттері файлдарды ішкі жіберулер мен хабарламаларды тарату арқылы хабарландыру электрондық тақтасының, чаттың, форумның көмегімен жүзеге асады.

Оқытуды жекешелендіру әр студент үшін оқыту үдерісін жоспарлау мен студенттердің алған бағаларын қадағалап отыру шараларының күнтізбелік графигі арқылы іске асырылады.

Бір мезгілде екі немесе төрт пән бойынша кешенді тестілеу өткізуге рұқсат беріледі. Бұл жағдайда кешенді тестілеуге біріктірілген пәндер логикалық өзара байланысты және бірдей кәсіби пән болуы шарт. Әр пән бойынша білім жекеше бағаланады.

1. Нурбекова Ж.К., Сағимбаева А.Е., Кабжанова А. *Индустрия информационных услуг сферы образования // Материалы // межд. науч.-метод. конф. «Математическое моделирование и ИТ в образовании и науке». - Алматы, 2005, -Т2. - С. 174-179.*

2. Сағимбаева А.Е., Майдисарова Д. С. *К вопросу контроля знаний в мультимедийных образовательных системах // Поиск, серия гуманитарных наук. - Алматы, 2007, №4(2), -С. 249-254.*

### **Резюме**

В статье рассматривается проблемы методики и средства контроля знаний при дистанционном обучении. Анализированы современные платформы дистанционного обучения и системы тестирования, применяемые в настоящее время в дистанционном обучении.

### **Summary**

Describes a problem in the Microsoft Knowledge management tools and techniques for distance learning. Analyzed modern platform for distance learning and system testing, primenamye currently in distance learning.

ӘОЖ(УДК) 54:373.1

## **ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ХИМИЯ САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТИІМДІЛІКТЕРІ**

**Ж.Қ. Қуанышева – п.ғ.к., ҚызМемПУ, химия кафедрасының аға оқытушысы**

Қазіргі кезде бүкіл әлемде болып жатқан ғылыми техникалық үрдістер мен қайта құрулар ақпараттық-коммуникациялардың қарқынды дамуына байланысты. Сондықтан қазіргі білім беру саласында өмір ағымына сәйкес оқытудың озық технологияларын оқып-үйреніп меңгермейінше, жоғарғы сапалы - сезімді, білікті және білімді, сауатты кәсіби маман болу мүмкін емес. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің болашағы мектеп қабырғасында тәрбиеленіп, ауқымды жан-жақты білім нәрімен сусындаған жас ұрпақтың тәжірибесіне байланысты. Ұрпақ үшін кітаптың маңызы қандай болса, компьютер де қоршаған әлемді танудың табиғи құралы болып табылады. Олай болса, барлық сабақтарды компьютердің қуаттауымен жүргізуді үйрену - бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі. [1]

«Балаға білім бергенде, алыстан жақынға, таныстан жатқа көшіп, жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек» - деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, оқыту үрдісіне жаңа көзқараспен қарау керек. Сол себептен жаңа технологияларды енгізу арқылы, оқу үрдісінің деңгейі көтеріледі, қазіргі заман талабына сай дамыған тұлға тәрбиеленеді. [2]

Жылдан жылға білім беру ісі ерекше қолға алынып отыр. Мектептерде жаңа бағдарламалар, технологиялар пайдаланылып жүр.

Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында электронды оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Жаңа технология әдістеріне жататын электрондық оқулықтар қазіргі оқу үрдісіндегі ең маңызды орынға ие болып отыр. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі - пәндік білім. екіншісі - компьютерлік білім. Электронды оқулық оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді.

Электрондық оқулық - бұл мультимедиялық оқулық, осы себепті электронды оқулықтың құрылымы жана деңгейде болуы қажет. Электрондық оқулықтың ең қажетті элементі - аудиохабар мен видеолар болып табылады. Мультимедиялық электронды оқулықта берілетін материалдар суреттер, кестелер, сұлбалар арқылы оқушылар тез ұғынып, керек болса, ақпараттық дискетке, бейне таспаға көшіріп алып, өз бетінше оқуға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық кешен мәліметтерді, дыбыс, анимация және графикалық бейнелерді біріктіріп, оларды аналогтық түрден сандық түрде және керісінше сандық түрден аналогтық түрге ауда –

руға мүмкіндік беретін көп функциялы технология. [3]

Компьютерлік мультимедиямен өткізілген әрбір сабақтан соң оқушы тест, бақылау жұмыстары арқылы өз білімдерін бекітеді. Бала өз білімін өзі тексере алады. Бұдан соң оқушының өз бетінше оқуға қызығушылығы артады, білімін көтеруге ұмтылады. Ж.Аймауытовтың: «Баланың ынтасын арттыру үшін, оқытатын нәрседе бір жаңалық болу керек» деп айтқанын ескерсек, танымдық іс-әрекеттердің қозғаушы күші, қызығушылықты тудыратын - компьютердің, электронды оқулықтың, интерактивті тақтаның рөлі оқушылар үшін ерекше екені белгілі. Сабақта жиі қолданылатын графикалық (сызба, кесте, диаграммалар), бейнелеу (фото, картина, сурет, кинолар), табиғи (зат пен құбылыстың суретін көрсету), түрлі көлемдегі көрнекіліктерді компьютерде көрсетудің ауқымдылығы мен тиімділігі оқулық пен танымдық үрдіске жаңа сипат береді. [4]

Химия пәні экспериментальды ғылым болғандықтан, көптеген тәжірибелер жасауға тура келеді. Бұл әдістің тиімділігі химиялық реактивтерді үнемді пайдалануға септігін тигізеді. Оқушылардың таным деңгейін дамытуға теориялық білімнің эксперимент, тәжірибе арқылы бекітілуіне үлкен рөл атқарады. Электрондық оқулыққа оқу технологиялары жинақталған. Мысалы: ойын арқылы оқыту, блокты оқыту, тірек-сигналдар арқылы оқыту. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша мағлұматтар ала алады. Осы алған мәліметтерді компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды.

Химия пәні бойынша сапалы білім беріп, ой-өрісін кеңейтуде бейнефильмдердің маңызы ерекше. Негізгі жалпы білім көлемінде мектеп оқушыларына бағдарлама бойынша жалпы білім беретін пәндерге аз уақыт бөлінетін болғандықтан, уақытты үнемді пайдалану мақсатында техникалық құралдармен жабдықталған оқыту кабинетінде мультимедиялық компьютер, проектордың көмегімен сабақта өткен тақырыптарды қайталау, оқушылардың білімін ұштау, дамыту мақсатында жаңа технологиялық әдістерді қолдануға мүмкіндік бар.

Қазіргі кезде көптеген оқу орнында оқушылардың қызығушылығын толық есепке ала отырып, химиядан тереңдетілген бағдарламалар бойынша саралап оқыту жүзеге асырылуда.

Енді электронды оқулықпен өтілетін химиялық тест тапсырмаларына тоқталайық. Электронды оқулық жүктелген кезде гипермәтін арқылы жүзеге асады. Білім алушы әр берілген теориялық түсінік арқылы қысқаша анықтама алады. Оқулықтың бірінші бетінде мазмұны көрсетілген, химиялық негізгі түсініктемелеріне, химиялық формулалар мен тендеулерге, реакциялардың жіктелулеріне және т.б. теориялық түсінік беріледі. Әр бөлім бойынша берілген тақырыптарды тестілеу әдісімен тексеруге болады. Тексеріп қана қоймайды және нәтижесін де ала алады. Берілген тесттік тапсырманың, 45-не дұрыс жауап берсе 5-тік балмен, 35-не жауап берсе 4-тік балмен, 25-не жауап берсе 3-тік балмен, 25-тен төмен жауап берсе 2-лік бағамен бағаланады. [5]

Әрбір сабақ мұғалімнің шығармашылық жұмысы. Сондықтан да әр сабақты оқушылардың есінде қалатындай етіп түрлендіріп отырған жөн. Қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында оқушылардың білім деңгейін тереңдету, ғылыми тұрғыда дамыту, өз бетімен жұмыс істеуге дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту, сөйлеу шеберлігін арттыру, өз беттерімен ізденушіліктерін, ақпараттық құралдарды іздестіру және оны пайдалана білу мақсатында жаңа технология әдістерін тиімді пайдалану - ұстаз шеберлігінің белгісі.

Осы бағытта 8-сыныпта өткізілген «Негіздер, олардың құрамы, жіктелуі, физикалық, химиялық қасиеттері, қолданылуы» атты электронды оқу жүйесін пайдалану сабағы келешекте қоғамдық-гуманитарлық бағытты таңдайтын оқушылар үшін өз беттерімен ізденушіліктерін арттырып, сөйлеу шеберліктерін дамытады. Электронды оқулық оқушылардың белсенділігін, білім сапасын заман талабына сай дамытып, оқушыны талдауға, салыстыруға, танымдық қабілетін тануға ұмтылдырады.

Оқушыларға заттың құрамы мен қасиеттерін салыстырып, негіздің ортақ қасиеттерін және суда еритін негіз бен суда ерімейтін негіздердің өздеріне тән қасиеттерін ажырата білу, алған білімдерін одан әрі дамыту міндеті қойылды. Алдымен ерімейтін негіздердің алынуы, сілтілердің индикатор түсін өзгертуі, бейтараптану реакциясы тәжірибелері орындалды. Барлық тәжірибелердің бейнесі электронды кітапша бойынша әр оқушының алдында компьютердің мониторында көрсетіліп тұрса, дыбысы колонкалар арқылы естіледі. [6]

Оқушыларды ұйымдастырып болған соң бес минуттық бақылау диктанты алынады. Тапсырма әр оқушының алдында компьютерге енгізілген. Жаңа тақырыпты бастамас бұрын, сол тақырыпқа

байланысты белсенділік тудыратын сұрақтар қойылады. Одан кейін сілті, негіз ұғымдары таныстырылып, олардың барлық қасиеттеріне тоқталады.

Күйдіргіш сілтілер, қағаз индикаторлары және суда ерімейтін негіздер сөз етіліп, тәжірибе жұмыстары кезіндегі сақтық ережелері айтылады. Электронды оқулықтан химиялық қасиеттеріне байланысты тәжірибелердің бейне көріністері бөлімін басу арқылы көре алады. Бұл жерде бейтараптану реакциясына толық тоқталу қажет. Негіздердің суда еритін, ерімейтін түрлеріне тән қасиеттері мен қолданылуы түсіндіріледі. Сабақ қорытындыланғаннан кейін бекіту сұрақтары электронды оқулықтағы күрделілігі үшінші деңгейлі есептер орындау арқылы жалғасады.

Оқыту мақсаты білім талабына сай жүргізіліп, қорытынды беріледі. Негіздер туралы түсініктің қалыптасуы бүкіл сабақ бойы көрініп, жоспар толығымен орындалады.

Заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы білімді беруде электрондық оқулықтарды химия сабағында пайдалану - оқытудың жаңа технологиясының бір түрі ретінде қарастыруға болады. Электронды оқулықтар арқылы химия сабағында сирек кездесетін элементтердің суретін, бейне файлдар арқылы зертханалық жұмыстардың қалай жүретінін көруге болады.

Білім берудің тиімді әдістерінің бірі - электронды оқулық екенін мойындаймыз. Себебі, әр оқушының өзіндік жұмыс жасауына, іс жүзінде көре алмайтын тәжірибе жұмысын компьютер арқылы орындай алатыны қуантады.

Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал, бірақ ол мұғалімді алмастыра алмайды. Компьютердің сызбалық мүмкіндігін молдығы дәрістік эксперимента бояулы суреттермен, сызбалармен, кестелер мен байыта түсуге жол ашады, оларды есеп шарттарына да пайдалануға болады.

Заман талабына сай технологияларды шәкірттеріміздің тиімді пайдалана алуы болашақтың өркендеуін білдіреді. Бәсекелестікке қабілетті шетелдік білім жүйесінен қалыспайтын жас ұрпаққа білім беру жолындағы ортақ міндетті өз деңгейінде жүргізу қажет деп ойлаймыз.

*1. Қыстаубаев Е. Ақпараттық технологияны пайдалану // Химия мектепте. -№3. 2010.*

*2. Курдюшова Т.Н. Компьютерная технология обучения химии: достоинства и недостатки. //Химия в школе. -№8. 2002.*

*3. Химия, экология пәнін оқытуда компьютерлік жүйесінің кейбір элементтерін қолдану. // Жоғарғы оқу орнында білім беруді ізгілендіру және жаңа технологияларды енгізу мәселелері (III оқу-әдістемелік конференция). - Аңтөбе, 2003.*

*4. Әбселемова А. Электрондық оқулықтарды пайдалану тиімділігі - Қазақстан мектебі-№11-12. 2002.*

*5. Атабаева Г. М. Химия пәнінде жаңа технологиялық әдістерді қолдану - Қазақстан кәсіпкері. №6 2007.*

*6. Исакова З. Электрондық оқулық // Химия мектепте, №3, 2007.*

#### **Резюме**

В статье рассматриваются особенности и эффективность применение электронных учебников на уроке химии.

#### **Summary**

In article features and efficiency application of electronic textbooks at a chemistry lesson are considered.

## ИНФОРМАТИКАДАН АШЫҚ ТЕСТ ТАПЫРМАЛАРЫН ҚҰРАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

А.Е. Сағымбаева - п.ғ.д., профессор Абай атындағы ҚазҰПУ

Білімді бақылау және оқушылардың біліктілігі нәтижелі оқу үдерісінің міндетті шарты болып табылады. Мұғалім информатикадан оқушының білімін бақылауды ұйымдастыру кезінде:

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды;

информатика курсы мазмұнының ерекшелігіне сәйкес бақылау түрі мен әдісін бөліп алуды;

бақылау тапсырмаларын жасағанда оқушының жеке тұлғалық ерекшеліктерін есепке алуды;

нормативті-технологиялық және жеке тұлғаға бағдарланған әдістің бірдейлігін қамтамасыз етуді есепке алуы қажет.

Информатикадан білімді бақылаудың дидактикалық ұстанымдарын қарастырайық.

*Түсініктілік ұстанымы.* Негізгі анықтаманың бірі - мұғалімнің ұғымды хабарлау жылдамдығына сәйкес оқушының сол ақпаратты қабылдау жылдамдығының үндесуі;

информатиканы оқыту барысында оқушыларды бәрінен бұрын оқу материалын түсінуге, жаттап алмауға бағыттау үшін проблемалық жағдайлар қоя отырып меңгерту;

«қарапайымнан - күрделіге», «жеңілден - ауырға», «белгіліден - белгісізге» сияқты ережені сақтау, бұл қағиданы басшылыққа алу тұрақты болмайды, өйткені индукция мен дедукцияның байланыста жүретінін ескеру керек.

*Жүйелілік және бірізділік ұстанымы.* Информатиканы оқыту үдерісіндегі сабақтастық білім беру жұмысын тиімді жоспарлауға байланысты болады.

*Нәтижелілік және сенімділік ұстанымы.* «Оқушылардың ұмытып кетуін» болдырмау, ол үшін есте сақтау тапсырмаларын беру, оқушылардың маңызды ақпаратты жазуын тексеру, логикалық-құрылымдық кестелер жасату;

оқушылардың әртүрлі өздік жұмысын орындауын талап ету және жүйелі түрде қайталау.

*Беріктілік және қолданбалы бағдарлық ұстанымы.* Информатика пәнінен оқушыларды даярлаудың негізгі критерийі — өздері меңгерген іргелі білімін практикалық сипаттағы міндетті шешуде қолдана білу.

*Көрнекілік ұстанымы.* Көрнекі құралдарды пайдалану үстінде оқушылардың ынтасын жоғалтып алмау үшін демон-страциялық материалдарды, жабдықтарды үйлесімді пайдалану.

*Саналылық және белсенділік ұстанымы.* Оқушылардың алдына қойылған оқу міндеттерінің мағынасы айқын болуы керек, олар оқытудың мақсатын түсініп, сабақ алдында мәселе қойып, олардың бұрынғы білімдері мен тәжірибесін тірек ете отырып еткізу қажет.

*Дара және топпен оқытудың бірлігі ұстанымы.* Оқушының сабақта жеке қабылдауын есепке алу керек (дағды мен білімнің қоры, жаңа материалды қабылдау икемдігі және оны ой елегінен өткізуі, түрлі есептерді шығару үстінде алған білімін қолдана алуы, жалпылау біліктілігі, жаңа материалдағы негізгі белгілерді анықтау).

Жоғарыда аталған ұстанымдар негізінде мектеп информатика курсы бойынша ашық тапсырмаларды құрастыру кезеңдері 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Мектеп информатика курсы бойынша ашық тапсырмаларды құрастыру кезеңдері

Педагогикалық міндеттер	Оқу міндеттері	
Оқушының интеллектуалдық дамуына бағытталған міндеттер		
Шығармашылық ойлауын дамыту	<b>Үйренуі керек:</b> шешудің, жолын табуы, ұсынылған шешімдерден керегін таңдай білу, шешу жоспарын жасау, жауабын бағалау	<b>Дамыту керек:</b> тапқырлық, дербестік, сыни ойлау
Танымдық ойлауын жетілдіру	шешудің бірнеше мүмкін жолын табу, өзінің мінез-құлқын бақылау, талдау (бөліктерге бөлу). бөліктерден бүтінді құру, талқылау, ой жүгірту, логикалық	ес, ынта, елестете білу, қиялдау, қабылдау

Оқу	
Танымдық және оқу дағдысын дамыту	сұрақ қою. жауабын тұжырымдау, қорытынды жасай алу, ойын жүйелі баяндау, тез, түсініп оқу, көркем, сауатты жаза білу
Оқушының мотивациялық дамуына бағытталған міндеттер	
Оқушының зейінін басқару	<b>Үйрету керек:</b> ырықсыз зейінін басқару, зейінді тұрақтандыру, ырықты зейінді басқару, зейінін бақылау
Оқу әрекетінің мәнін ашу	білімнің қажеттілігін тусіну және әрекет тсілдері, білімнің құндылығын сезіну, білімді бағалауда дербестігін дамыту
Мотивациялық қажетті жайларды өзекті ету	<b>Үйрету керек:</b> ырықсыз мотивацияны дамыту: Қызығушылық, ұйымшылдық, белсенділік, әуестік, құмарлық
Оқушылармен бірге әрекеттің мақсатын талдау	<b>Үйрету керек:</b> оқу міндетін қабылдауды, өз бетінше оқу міндетін қоюды, өз алдына оқу міндетін қою қажеттілігін сезіне білуі керек
Алдағы міндетін оқушының табыспен орындауын қамтамасыз ету	<b>Үйрету керек:</b> өз бетінше оқу міндетін тұжырымдау, шешімін табуды ұйымдастыру, шешу тәсілін тусіндіру, шешу тәсілін бағалау <
Оқу әрекеті үстінде оқушыларды қолдау	<b>Үйрету керек:</b> кері байланысты қолдана білу, өзара көмек пен өзара тексеруді ұйымдастыра білу
Әрекет нәтижесін бағалау үдерісі	<b>Дамыту:</b> оқу міндетін бағалаудағы дербестік, шешімді бағалаудағы әділеттілік, катені түзеуге ұмтыла білу
Оқушының сезімін дамытуға бағытталған міндеттер	
Өзінің сезім күйін түсініп, оны басқара білу	<b>Үйрету:</b> бірге ренжіп, қуану, сезім күйіне қарай ұстамды болу, көңіл-күйін котере білу
Оқушының ерік-жігерін дамытуға бағытталған міндеттер	
Мақсат қойып және еркін дамытуға қалыптастыратын біліктілік	<b>Үйрету:</b> оқу қызметінде алдына мақсат қою, ұсынылған мақсаттардан таңдай алу, қойылған мақсаттарды толықтыру, төзімді болу, табанды болу, дербестікке үйрену

1. Ашық тест тапсырмаларының білімдік мәнге ие түрлері алынып, оқушылар эвристикалық тапсырмалар орындайды.

2. Оқушылардың тапсырманы орындау үдерісінде эвристикалық тәсілдің қолданылуы, алдынала шамамен белгіленеді. Эвристикалық тапсырма ретінде оқушылардың сол және басқа тапсырманы шығарудың саны көбірек тәсілдерін табуды ұсынуға болады.

3. Эвристикалық тапсырма жалпылама құрылымдық түрде жазылады. Ашық тапсырманы тұжырымдауда оның нысаны, оқушы әрекетінің болжамды түрлері күтілетін білімдік өнім мен оның түрлері ретінде анықталады.

4. Тапсырманың мәнін оқушы үшін қызғылықты, тартымды, түсініктілігін ескере отырып құрастырылып өңделеді. Негізгісі - тапсырманың қызғылықтылығы информатика саласында даярлаудың кез келген деңгейінде оқушылардың қабілетін көрсету мүмкіндігін ашу керек.

5. Тапсырманың аталуы (номинациясы) анықталады. (мұнда нысан ретінде әрекет түрі көрінуі мүмкін). Бұған екі жағынан келуге болады: тапсырманың атауы бірінші анықталады, ал тапсырма соның негізінде құралады; алдымен тапсырма құрастырылып, сәйкес келетін атау іздестіріледі. Мынандай тәсілді қолдану тиімді: өзіндік ерекшелігін ескере отырып, жас ерекшелігіне қарай бала топтары үшін тапсырманың бірнеше үлгіде жасалуы бір номинация алады. Тапсырманың жасалу формасы әртүрлі әрекеттің түрлерімен, оқушының жасайтшын білімділік өнімінің әр түрлі деңгейімен (не көлемімен) ерекшелінуі мүмкін.

6. Тапсырманы орындауды бағалау белгілері жасалады. Яғни оқушының білімдік өнімі қандай параметрлерде бағаланатыны анықталады. Шығармашылық жұмысты бағалаудың әмбебап белгілері ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: дүниетанымының тереңдігі, көпнұсқалы амалы, тапсырманың шартымен сәйкестік, нәтижені ұсыну түрінің бірегейлігі және т.б.

Жоғарыда ұсынылған кезендердің жүзеге асу реті басқаша да болуы мүмкін, олардың болуы эвристикалық тапсырманы сапалы құрастыру үшін жағдай туғызады,

*1. Сағымбаева А.Е. Информатика мұғалімдерін оқушылардың білімін бақылау мен бағалауға дайындау. Монография. - Алматы, 2009. - 223 б.*

#### **Резюме**

В статье рассматриваются этапы конструирования открытых тестовых заданий по информатике. Рассмотрены дидактические принципы контроля знаний по информатике.

#### **Summary**

In article stages of design of the open test tasks on computer science are considered. Didactic principles of the control of knowledge on computer science are considered.

УДК 91.504.574

### **УЧЕБНО-ПОЛЕВАЯ ПРАКТИКА ПО КУРСУ ГЕОГРАФИЯ ПОЧВ**

**Г.П. Илюхин** - профессор КазНПУ им. Абая

География почв является наукой многогранной - тесно связанной со многими естественными дисциплинами - почвоведением, геологией, земледелием, климатологией, картографией, ботаникой, зоологией, физиологией, химией, микробиологией, физикой, информатикой и т.д.

Учитывая сложность формирования почвы, она выделена в особое природное тело, обладающее качественно новым признаком - плодородием. Это свойство определило ее главное место в жизнедеятельности человека - обеспечение всех живых организмов на планете продуктами питания, средой обитания и т.д.

Особое внимание в пособии уделено вопросам формирования почвы и в том числе на ограниченной территории, где не всегда проявляются все семь факторов почвообразования, что очень важно наблюдать начинающему исследователю. Достаточно подробно изучаются физические и химические свойства почвы: механический состав почвы, ее структура, сложение, цвет, генетические горизонты и их мощность. Большое значение для характеристики почвы имеют определения ее воздушных, тепловых и водных свойств, где предпочтение отдано полевой влажности почвы, т.к. по ее показателям, возможно, рассчитать количество доступной и недоступной для растений влаги, а также установления биомассы травянистой растительности и ее видового состава. По этому показателю можно судить о возможных накоплениях органического вещества в почве. Из химических свойств почвы в полевых условиях возможно определение кислотности почвы, засоленности - хлоридами, сульфатами, содой. Наличие карбонатов - определяется по вскипанию почвы в горизонтах от действия соляной кислоты. Используя разную растворимость гумусовых веществ — в воде, основаниях и кислотах устанавливают наличие фульвокислот и гу-миновых кислот.

Выполненные подгруппой студентов указанные исследования оформляются в виде группового отчета, который защищается в последний день практики и сдается преподавателю вместе с дневником, оценивается зачетом.

Учебно-полевая практика по курсу География почв является необходимым, завершающим звеном в изучении теоретических и лабораторных основ дисциплины, позволяющая студенту применить на практике полученные знания, а также использовать их в дальнейшей работе учителя или научного сотрудника.

Согласно новому общеобразовательному стандарту образования по специальности 5В011600 - География, на изучение предмета «География почв», выделено 2 кредита (90 часов), на учебно –



полевую практику-1 неделя в летний предсессионный период второго семестра. Численность студентов на занятиях - одна подгруппа (12-15 человек).

### **I. Изучение рельефа и растительности района проведения учебно-полевой практики.**

Из теоретической части изучаемого предмета известно, что характеристика почвы зависит от факторов почвообразования, определенных В.В. Докучаевым (5) и его сподвижниками (2). Всего их семь - 1. Растительные и животные организмы, 2. Климат, 3. Рельеф, 4. Материнские (почво-образующие) породы, 5. Время, 6. Почвенные (грунтовые) воды и 7. Хозяйственная деятельность человека. Первые шесть факторов являются стихийными, не зависящими от человека, а последний седьмой - управляемым, т.к. связан с различной деятельностью человека. Об этом необходимо постоянно помнить и соизмерять свои поступки с возможными последствиями для природы.

Полевая практика проводится на сравнительно небольшой территории в пределах одной почвенно-климатической зоны, поэтому можно не ожидать заметного изменения характера почв от климата, обычно нет существенных изменений и в материнских породах, поэтому факторами, влияющими существенно на характер почв, здесь могут быть рельеф и растительность. Существуют закономерности формирования типичных изменений почв на отдельных участках элементов рельефа, а также под различными характерными для исследуемой территории типами растительности.

Например, район учебной практики имеет холмистый рельеф и узкую долину речки. Тогда, такой участок располагает водоразделами, проходящими по вершинам холмов, склонам и небольшой поймой речки. У указанных элементов рельефа необходимо описать почвы и растительность. Таким образом, мы имеем природные комплексы, где нужно описать постепенные их переходы в связи с изменением одного из факторов почвообразования. Эта связь выявляется в том случае, когда точки на местности мы располагаем по определенному направлению, например, от наиболее высокого места к низкому или от водораздела к берегу реки. Следовательно, свои исследования мы строим на основе:

- 1) выявления типичных для данного места природных комплексов,
- 2) изучение почв по профилю, пересекающему эти комплексы.

Данный метод получил название - **ПОЧВЕННОЕ ПРОФИЛИРОВАНИЕ**. Он очень важен для географа, т.к. позволяет наиболее полно выявлять основные закономерности в распространении почв, их связь с ландшафтом и смену в зависимости от изменения одного из факторов. При построении профильной линии необходимо предусмотреть, что бы пересечение горизонталей местности происходило перпендикулярно. Так достигается сокращение протяженности профиля и наиболее четко выявляется приуроченность различных почв к изменениям рельефа.

Для характеристики пространственного распространения почв составляют почвенную карту. При почвенном картировании устанавливаются границы ареала видов и разновидностей почв, выявленных по заложенным почвенным разрезам. Эти границы наносятся на топографическую карту. В нашем случае, где выделены элементы - рельеф и растительность, изменения почв ограничатся природными комплексами.

Чтобы составить схему места работы и нанести на нее профиль необходимо:

- 1) провести общий осмотр местности и составить ее план,
- 2) определить типы природных комплексов района,
- 3) выбрать направление почвенного профиля и нанести его на план,
- 4) осмотреть путь профиля и нанести места для заложения разрезов,
- 5) составить схематический чертеж профиля и нанести на него места почвенных разрезов (Рис. 1)




Рис.1. Примерная схема почвенного профиля с почвенными разрезами.

А) Топографические карты.

Топографическая карта - это основа, на которой отмечены: рельеф, ситуация (сочетание условий и обстоятельств) и хозяйственные угодья. На этой карте изображаются местные предметы, рельеф, условными знаками, которые бывают - масштабные, немасштабные, пояснительные. Масштабными знаками обозначаются - леса, пастбища, сенокосы, болота, огороды, сады и т.д., немасштабными - отдельно стоящие деревья, геодезические пункты, колодцы, курганы и т.д., пояснительными - характеристики местных объектов, состав леса, ширина дорог, направление течения рек и т.д. Рельеф обозначается горизонталями. Разность в отметках двух соседних горизонталей называется высотой сечения, которая вычисляется по формуле:  $BC = M \times 0,02$ ; где: BC - высота сечения, M - масштаб карты, 0,02 - коэффициент.

Для определения крутизны склонов пользуются заложением, которое показывает расстояние в миллиметрах между соседними почвенными горизонталями. Величину крутизны склонов определяют по формуле:  $KC = 12 / B3$ ; где: KC - крутизна склона, B3 - величина заложения (мм), 12 - коэффициент.

Растительный покров наносится на карту очень условно, подразделяя ее на древесную, кустарниковую, травянистую, мохово-лишайниковую и культурную. У деревьев цифрами указывается высота и толщина.

**Задание 1. Изучить обзорную почвенную карту областей Казахстана для составления контурной карты места проведения практики.**

Материалы и оборудование: почвенные карты областей Казахстана, географический атлас мира, учебник, контурные карты областей Казахстана, цветные карандаши.

Ход работы:

1. Изучить географическое положение места проведения практики, факторы почвообразования, легенду почвенной карты и почвенный покров.

2. Нанести на карту почвенную зону, элементы рельефа, растительность, тип почвы.

3. Представить в отчете схему почвенного профиля района практики.

## II. Почвенный разрез

После проведения профилирования участка и определения мест закладки почвенных разрезов приступают к их выкопке. Разрезы бывают трех типов: полные разрезы, полуямы, прикопки. Почвенный разрез (Рис. 2) закладывается в наиболее характерном месте рельефа, но не рядом с дорогой или с канавой. Три стенки разреза должны быть отвесными, а четвертая - спускаться ступеньками вниз. Передняя стенка должна хорошо освещаться солнцем. Почву из разреза выбрасывают только на одну боковую сторону. Глубина разреза 1,5-2,0 м, длина-2 м, ширина- 1 м. Полуяма служит для изучения гумусового слоя, глубины вскипания, залегания солей, ее глубина 0,75-

1,25 м. Прикопка - служит для определения границ почвенных группировок, ее глубина до 0,75 м.

Каждый почвенный разрез описывается по следующей форме: дата закладки, № разреза, область-, район-, село-, пункт-, общий рельеф-, микрорельеф-, экспозиция-, растительность-, угодье и его состояние-, характерные признаки (заселенность)-, глубина вскипания от соляной кислоты-, уровень грунтовых вод-, материнская порода-, название почвы-.

В подготовленном почвенном разрезе определяются основные морфологические признаки почвы:

1. Строение почвенного разреза по горизонталям.
2. Цвет почвы.
3. Степень увлажнения.
4. Механический состав почвы.
5. Структура почвы.
6. Сложение почвы.
7. Новообразования и включения почвы. Почвенный разрез описывается по следующей форме:

Глубина разреза, см	Горизонт	Описание почвенного разреза	Глубина, см
200	Ао	Степной войлок	0-5

Названия почвенных горизонтов:

Ао- верхняя часть разреза, где сосредоточены органические остатки,

А - гумусовый горизонт,

А1 - гумусо-аккумулятивный горизонт.

А2 - подзолистый горизонт,

Ап - пахотный горизонт,

В - переходный горизонт,

Г - глеевый горизонт,

С - материнская (почвообразующая) порода.

Кроме указанных горизонтов имеются дополнительные переходные почвенные слои характерные для различных условий формирования.

С целью определения различных свойств почвы в лабораторных и полевых условиях во время закладки почвенных разрезов берутся почвенные образцы.

#### **Задание 2. Порядок взятия почвенных образцов в поле и подготовка их к анализу.**

Образцы почв берут из почвенных разрезов, для этого зачищается передняя стенка и намечаются места взятия образцов в каждом генетическом горизонте (можно и из боковых). Образец вырезают в виде кирпича длиной 10 см, толщиной 10 см, глубиной 10 см. Если мощность горизонта меньше 10 см, то отбирают на полную мощность.

Материалы и оборудование: лопата, нож, картонные коробки или пакеты из бумаги, оберточная бумага, шпагат, мешок, этикетки, карандаш простой.

Ход работы:

1. Первый образец берут из горизонта С, затем последовательно двигаются в верх к горизонту Ао. Лучше каждый образец формировать из трех горизонтов (передней и боковых стенок). Образец желательно сохранить в естественном сложении (примерная масса образца 1 кг).

2. Заполнить этикетку с указанием № разреза, места закладки, названия горизонта, даты, подписи исполнителя.

3. Почву завернуть в оберточную бумагу, перевязать, положить вторую этикетку и записать в журнал.

4. Уложить пакеты в мешок, в лаборатории просушить, пересыпать в картонные коробки, заэтикетировать.

5. В зависимости от целей анализа, пробы берут индивидуальные или смешанные (с площади до 10 га).

6. Для подготовки образца к анализу его высыпают на лист бумаги, просушивают до воздушно-сухого состояния, крупные комки следует размять, отобрать корешки, включения и новообразования, затем просеять через сито 1 мм, а оставшуюся часть растереть в ступке, просеять и пересыпать в пакет.

7. В основном для анализов используется воздушно-сухая почва, При определении нитратов, аммиачного азота ее не просушивают.

### **Задание 3. Взятие почвенных монолитов.**

Монолит - это образец почвенного разреза, взятого без нарушения генетических горизонтов. Он помещается в деревянный ящик стандартного размера: 100x20x5 см (Рис. 3). Материалы и оборудование: лопата, нож, специальные ящики, бумага, карандаш. Ход работы:

1. Удобно подготавливать и брать монолит вдвоем. В почвенном разрезе на передней стенке вырезают ножом прямоугольник стандартных размеров.

2. На подготовленную призму одевают раму ящика снизу вверх, затем закрывают дно.

3. Монолит осторожно подкапывают со всех сторон и отделяют от почвенного разреза.

4. Отрезать лишнюю почву, вставить этикетку и закрыть крышкой.




Рис. 2. Схема почвенного разреза. **Задание 4.**

### **Определение цвета почвы.**

Цвет почвы - один из основных внешних признаков почвы, по которому в почвоведении присваивается название почвы - чернозем, бурозем, краснозем и т.д. Окраска свидетельствует о присутствии многих химических элементов и их свойствах, происхождении и влажности. Она зависит от присутствия красящих веществ, так, гумусовые вещества и марганец придают почве темные (черные) тона, железо окрашивает почву в бурый, охряной, красный цвета. Белесые и белые тона свидетельствуют об оподзоливании, осолоделости, засолении и наличии карбонатов.

Обычно окраска почвы бывает многоцветной, в этом случае нужно определить преобладающий цвет и его значение ставится в названии на последнее место. Для определения цвета почвы необходимо:

1) установить преобладающий цвет, 2) определить его насыщенность, 3) отметить оттенки.

Различают следующие основные цвета почвы:

1. Основной цвет - черный (чернозем, каштановые почвы), интенсивно-черный, серовато-черный, серо-черный, буровато-черный, буро-черный;

2. Основной цвет - серый (серые лесостепные и болотные почвы), буро-серый, темно-серый, пепельно-серый, светло-серый, белесо-серый, зеленовато-серый, голубовато-серый;

3. Основной цвет - белый (сероземы), мелово-белый, желтовато-белый, палево-белый, розовато-белый, зеленовато-белый;

4. Основной цвет - желтый (серозем, желтозем), буровато-желтый, охристо-желтый, зеленовато-желтый, палево-желтый;

5. Основной цвет - бурый (каштановые и бурые почвы), черно-бурый, серо-бурый, темно-бурый, светло-бурый, палево-бурый, желто-бурый, красно-бурый, зеленовато-бурый;

6. Основной цвет - красный (краснозем), малиново-красный, ржаво-красный, буровато-красный.

Для уточнения цвета почвы необходимо сделать ее мазок в полевом журнале.

#### **Задание 5. Определение структуры почвы.**

Структурность почвы - это ее способность естественно распадаться на агрегаты, состоящие из склеенных гумусом и иловатыми частицами механических элементов почвы. Форма структурных отдельностей зависит от свойств почвы. Типы структур почвы разработаны С.А. Захаровым. Каждый тип почвы и генетические горизонты имеют определенную структуру. Так, у гумусовых горизонтов структура зернистая, мелкокомковатая, комковато-зернистая, порошисто-комковатая. Элювиальные горизонты - плитчатую, листовую, чешуйчатую, пластинчатую; иллювиальный - столбчатую, призматическую, ореховатую, глыбистую и т.д.

В полевых условиях структуру почв определяют следующим образом - на передней стенке разреза берется небольшой образец и несколько раз подбрасывается на ладони или лопате, затем у рассыпавшихся частиц определяют степень их однородности, размер, форму и характер поверхности и данные записывают в дневник. Если структура почвы неоднородная, то ее называют двойным именем, например, комковато-зернистая, последнее слово указывает на преобладание частиц

Типы структурных отдельностей:

1. Кубовидный делится на глыбистую, комковатую, пылеватую, ореховатую, зернистую;

2. Призмовидный делится на столбовидную, столбчатую, призматическую;

3. Плитовидный делится на плитчатую, чешуйчатую. **Задание 6.**

#### **Определение сложения почвы.**

Сложение это характеристика степени плотности и порозности почвы. Различают следующие степени плотности в сухом состоянии:

1. Сложение очень плотное - оно характерно для иллювиальных горизонтов солонцовых и подзолистых почв. Механический состав глинистый или глинисто-иловатый. Лопата входит в почву не более 1 см;

2. Сложение плотное - оно характерно для подпахотных слоев и переходного горизонта солонцеватых почв. Механический состав тяжелосуглинистый. Лопата или нож входят в почву на 4-5 см;

3. Сложение уплотненное - характерно для всех почв в иллювиальном горизонте. Механический состав среднесуглинистый. Лопата или нож входят в почву при небольшом усилии;

4. Сложение рыхлое - характерно для верхних горизонтов различных почв. Механический состав легкий суглинок и супесь. Лопата или нож легко входят в почву;

5. Сложение рассыпчатое - характерно для супесчаных и бесструктурных почв, распыленных пахотных горизонтов, песков;

6. Сложение пухлое - характерно для совершенно разрыхленной почвы, когда ноги тонут в ней. Наблюдается на пухлых солончаках и огородных высококультурных почвах.

#### **Задание 7. Определение механического состава почвы.**

Механический состав почвы в поле определяется сухим способом, для чего щепотка почвы рас –

тирается на ладони пальцами. Супесчаные почвы растираются легко, при этом ощущается малое количество глинистых, частиц. В песчаных почвах глинистых частиц нет. Глинистые почвы очень трудно растираются, после чего на ладони остается большое количество пыли и глинистых частиц.

Более точным способом определения механического состава почвы является - мокрым. При его использовании берется на ладонь щепотка почвы, увлажняется и из нее последовательно раскатывается шарик (если он распадается, то это песок), шнурок (если он распадается, то это супесь), шнурок сгибается в кольцо, если оно со множеством трещин - легкий суглинок, кольцо с 5-6 трещинами - средний суглинок, кольцо с 1-2 трещинами - тяжелый суглинок, кольцо без трещин - глина.

#### **Задание 8. Определение биомассы травянистой растительности.**

После отмирания растений органическое вещество поступает в почву. Количество образующейся на почве растительности характеризует ее продуктивность, которая зависит от географических условий, состава растений, интенсивности их образования и отмирания.

Биологическая масса - характеризуется общим количеством живого органического вещества растений, которое образуется в надземных и подземных частях растений.

Материалы и оборудование : определитель видового состава растений, рулетка, ножницы, лопата, весы и разновесы, термостат, оберточная бумага, вода, ведро, сито (0,5-1 см).

Ход работы:

1. В местах расположения каждого разреза по линии намеченного профиля определить видовой состав растений.

2. У передней стенки почвенного разреза наметить площадку 50x50 см (0,25м<sup>2</sup>). Срезать всю растительность ножницами и высушить ее на солнце до воздушно-сухого состояния.

3. Высушить растительность в термостате при ЮОо С до постоянного веса, Взвесить массу на технических весах, результат умножить на 4, это будет величина надземной биомассы с 1м<sup>2</sup>.

4. После описания разреза определяют биомассу подземной части растений, для этого с площадки, где скошена трава, намечают квадрат 25x25 см и по горизонталям, начиная сверху, берут почвенную массу с корнями в пакеты.

5. Корни из каждого пакета отмываются в ведре с водой и процеживаются через сито, затем еще раз промываются, чтобы извлечь все корни (всего промывают 5-6 раз).

6. Отмытые корни отжимают в фильтровальной бумаге, затем их переносят в мерный цилиндр с определенным объемом воды (V1) и измеряют полученный объем (V2). Разность объемов воды до и после погружения корней будет равна их объему (V) в см<sup>3</sup>. V=V2-V1. Зная объем корней и объем почвенной призмы (25x25) 1/16м<sup>2</sup>, рассчитываем, сколько кубических сантиметров корней содержится в 1дм<sup>3</sup> почвенной массы данного горизонта.

7. Затем корни из цилиндра переносят на сито, отжимают, высушивают до воздушно-сухого состояния, а затем до абсолютно сухого состояния в термостате при ЮОо С, 5-6 часов и определяют на технических весах массу. Данную величину умножают на 16 и это будет биомасса корней с 1м<sup>2</sup>.

8. Результаты заносят в дневник по форме:

Варианты исследования	Фактически определенная масса органич. вещества, г	Рассчетна масса в г на 1м <sup>2</sup>	Рассчетная масса в ц на 1 га
Надземная масса	X	Xx4	4XxЮ
Подз. масса: горизон. Ad	YAd	Yadx16	16YadxЮ
горизонт A1	YA1	Yaixi6	I6YAixЮ
горизонт A2	YA2	YA2x16	16YA2xЮ
горизонт B	YB	YBxI6	I6YBxЮ
Всего корней	ZY	ZYx16	16ZYxЮ
Биомасса растений	X+ZY	4X+16ZY	(4X+16xZY)Ю




Рис.3. Подготовка и взятие почвенного монолита.

### III. Определение физических и химических свойств почв

Фактические данные по некоторым показателям физических и химических свойств почв помогут студентам не только получить практические навыки полевых исследований, но и позволят наиболее полно охарактеризовать опытный участок, приведя в отчете результаты наблюдений и научных изысканий, например, по динамике температуры почвы, водным свойствам почвы, кислотности и засоленности почвы и т.д.

#### Задание 9. Определение температуры почвы

Данный показатель имеет огромное значение для биологических, биохимических и др. почвенных процессов, роста и развития растений и т.д. Температура почвы изменяется с глубиной, в течение суток, и, естественно, в межсезонье. Измеряют температуру почвы почвенным термометром через каждые 10 см от поверхности: 0-10-20-30-40-50- и т.д.

Материалы и оборудование: почвенный термометр-щуп, ломик, дневник, карандаш.

Ход работы:

1. Определить участок для проведения замеров температуры, глубины измерения и время - 7 часов, 13, 19.
2. Измерения проводить в течение 6 дней.
3. Представить результаты измерений в виде графика: на оси ординат откладывать значения температуры, а на оси абсцисс - дни и часы. Удобно представить график по средним данным.
4. Форма записи измерений температуры почвы:

Место измерений	Глубина измерений, см	Дата и время ..... 7,13,19	Дата и время ..... 7,13,19ч .....
Разрез №5	0		

### Задание 10. Определение полевой влажности почвы.

Данный показатель дает возможность установить общее содержание воды в почве на момент наблюдения, которое в свою очередь состоит из доступной и недоступной для растений влаги.

Материалы и оборудование: технические весы и разновесы, почвенные образцы, металлические бюксы с крышками, почвенный бур, сушильный шкаф, нож, щипцы, сито (1 мм), ложки, эксикатор.

Ход работы:

1. Взять навеску почвы 10-15 г с нужной глубины в предварительно высушенный и взвешенный бюкс с крышкой.

2. Взвесить бюкс с почвой и поместить его в сушильный шкаф с открытой крышкой на 6 часов при +105оС.

3. Остудить бюкс в эксикаторе с закрытой крышкой и взвесить.

4. Вторично просушить бюкс с почвой в сушильном шкафу 2 часа (+105о), остудить в эксикаторе и взвесить. Разница между первым и вторым взвешиванием не должна превышать 0,5%.

5. Процент полевой влаги рассчитать по формуле:  $PВ = \frac{B - C}{A} \times 100\%$ ; где: ПВ - полевая влажность, %, а - масса пустого бюкса, г, В - масса бюкса с почвой до высушивания, г, С - масса бюкса с почвой после высушивания, г.

6. Величина доступной влаги определяется разностью: А-2Б, где: А - полевая влажность, Б - гигроскопическая влага (она обычно составляет около 3%). Если, например, полевая влажность была 40%, а гигроскопическая - 3%, то количество доступной влаги для растений в почве будет равно 40-6=34%.

7. Результаты определения записать в дневник по форме:

Название образца	№ бюкса	Масса бюкса, г	Масса бюкса с почвой до высуш., г	Масса бюкса с почвой после высуш., г	Масса испарившейся влаги, г	Масса сухой почвы, г	Влажность почвы, %

### Задание 11. Определение водопрочности почвы

Величина водопрочности почвы зависит от способности почвенных структурных отдельностей противостоять разрушающему действию воды, чему в основном способствует содержание гумуса.

Материалы и оборудование : почвенные образцы, чашки Петри, фильтровальная бумага, часы, вода, сито (3-5 мм).

Ход работы:

1. Взять чашку Петри, дно выстелить фильтровальной бумагой, на которую разложить рядами почвенные комочки одного цвета - 30 штук, взятые с сита размером 3-5 мм.

2. Осторожно по краю чашки залить комочки водой до полного их покрытия и отметить время.

3. Отмечать каждую минуту количество развалившихся комочков в течение 10 минут.

4. Количество не распавшихся комочков выразить в процентах, это и будет величина водо- прочности.

### Задание 12. Определение кислотности почвы

Воспользуемся самым простым способом, применяя лакмусовую бумажку, что очень удобно для демонстрации кислотности почвы.

Материалы и оборудование: образцы почвы, красные и синий полоски лакмусовой бумажки, фарфоровые чашки, дистиллированная вода, часы.

Ход работы:

1. На дно фарфоровой чашки положить красную и синюю лакмусовые бумажки.

2. Наполнить чашки на 1/3 почвой и увлажнить ее дистиллированной водой. Оставить стоять на 10-15 минут.

3. Вынуть лакмусовые бумажки, если синий цвет изменится на красный, то почва имеет кислую реакцию (от 1 до 6,5), если красный цвет изменится на синий, то почва имеет щелочную



реакцию (от 7 до 14), если цвет бумажек не изменится, то реакция почвы нейтральная (от 6,5 до 7).

### **Задание 13. Приготовление почвенной водной вытяжки**

Все пустоты почвы заполнены воздухом и водными растворами, где содержатся легкорастворимые соли. Если содержание солей в растворе больше 0,25%, то почвы считаются засоленными. В водной почвенной вытяжке определяют: сухой остаток, прокаленный остаток, щелочность и кислотность, катионы и анионы.

Материалы и оборудование : образцы почв, весы и разновесы, сито (1 см), фарфоровые чашки, колбы 100-1000 мл, стеклянные банки с притертыми пробками, воронки, фильтры, дистиллированная вода.

Ход работы:

1. Взять навеску воздушно-сухой почвы - 100 г, просеянную через сито, поместить ее в стеклянную банку с притертой пробкой.

2. Добавить в банку 500 мл дистиллированной воды, встряхивать 3 минуты, затем отфильтровать через складчатый фильтр, при необходимости фильтрование повторить.

3. Срок хранения полученного фильтрата 2-3 суток.

### **Задание 14. Простой способ определения легкорастворимых солей.**

В приготовленной водной вытяжке почвы можно определить наличие в почве хлоридов, сульфатов и соды, которых особенно много в засоленных почвах.

Материалы и оборудование : водная вытяжка почвы, пробирки, дистиллированная вода, реактивы - для определения хлоридов (5% раствор азотнокислого серебра), сульфатов (1% раствор хлористого бария), соды (раствор фенолфталеина).

Определение хлоридов

Ход работы:

1. Налить в пробирку 10 мл водной вытяжки почвы и добавить несколько капель 5% раствора азотнокислого серебра.

2. Появление хлопьевидного белого осадка свидетельствует о наличии в почве хлоридов, а его интенсивность определяет их количество.

Определение сульфатов

Ход работы:

1. Налить в пробирку 10 мл водной вытяжки почвы и добавить несколько капель 1% раствора хлористого бария.

2. Появление белого осадка свидетельствует о наличии сульфатов, о их количестве судят по интенсивности выпадения осадка.

Определение соды

Ход работы:

1. Налить в пробирку 3-5 мл водной вытяжки почвы и капнуть несколько капель фенолфталеина. Появление малиновой окраски свидетельствует о наличии в почве соды.

### **Задание 15. Качественное определение гумусовых веществ в почве**

Метод основан на различной растворимости гуминовых кислот и фульвокислот в растворителях - воде, щелочах и кислотах.

Материалы и оборудование : образцы почв, технические весы и разновесы, сито (1 мм), пинцет, лупа, стеклянные палочки, фарфоровые ступки, колбы, воронки, бюретки, электроплитка, реактивы - 10% раствор едкого натрия, 10% раствор соляной кислоты.

Ход работы:

1. Взять навеску почвы 10 г, протереть в ступке и пропустить через сито, перенести в колбу 100 мл. Залить 50 мл 10% раствора едкого натрия.

2. Взболтать раствор и довести до кипения на плитке, охладить, дать отстояться и отфильтровать.

3. Взять в пробирку 3-5 мл фильтрата, где находятся в растворенном виде смесь гуминовых и фульвокислот, которые нужно разделить, для этого в фильтрат добавляют несколько капель соляной кислоты.

4. При образовании хлопьевидного бурого осадка раствор отфильтровать, при этом хлопьевидный осадок - это гуминовые кислоты, а в фильтрате остались фульвокислоты.

#### **IV. Обработка полученных данных и составление отчета**

Обобщение полученных данных проводится по всем выполненным заданиям, предварительно проведя обработку цифрового материала. Отчет готовится и представляется студентами подгруппы, где возможно демократическое распределение обязанностей, учитывая особые способности студентов.

В отчете должны быть отражены:

1. Общие сведения об исследуемом участке - географическое и административное положение, площадь, хозяйственное использование.
2. Условия почвообразования - климат, рельеф, растительность, почвообразующие породы, специфические особенности, схема маршрута профиля.
3. Характеристика морфологии почвы, физические и химические свойства почвы, типы растительности и ее приуроченность к элементам рельефа.
4. Заключение с указанием рационального использования территории.

Отчет включает в себя:

1. Титульный лист с указанием названий - Министерства, ВУЗа, факультета, кафедры. Название отчета, место проведения практики, исполнитель, руководитель, Алматы и год.
2. Содержание - по указанным в содержании вопросам.

1. Добровольский В.В. Практикум по географии почв с основами почвоведения. -М. 1982.

2. Добровольский В.В. География почв с основами почвоведения. - М. 1976.

3. Ковда В.А., Розанов Б.Г. Почвоведение. Часть 1 и 2,- М. 1988.

4. Герасимова М.И. География почв СССР. - М. 1987.

5. Афонасьева и др. Почвы СССР. - М 1979.

6. Илюхин Г.П. Прикладная биология с основами почвоведения. Часть 1. -Алматы. 2009.

7. Илюхин Г.П., Ашимов Т.А. Руководство для выполнения лабораторно-полевых работ по почвоведению, географии почв с основами почвоведения, прикладной биологии с основами почвоведения, географии и охраны почв. -Алматы. 2008.


ӘОЖ [91:504] (574)

### **ГИДРОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАРДЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ (ӨЗЕНДЕР ТАҚЫРЫБЫ МЫСАЛЫНДА)**

*А.Н. Бейкитова -Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы*

Жоғары оқу орнында 050609-География мамандықтары үшін «Гидрология» пәні жүргізіледі. Жалпы кредит саны – 2 (90 сағат). Оның - 15 сағаты *дәріс*, 15-сағаты *практикалық сабақ*, 30-сағаты *студенттердің оқытушы жетекшілігімен жасайтын өзіндік жұмыстары*, 30-сағаты студенттердің *өзіндік жұмыстарына* арналған. **«Гидрология»** пәнінің **мақсаты** білім алушыларды гидросферада өтіп жатқан процестермен, су нысандарының ерекшеліктерімен, олардың қоршаған ортамен байланысымен таныстыру болып табылады. **«Гидрология»** пәнінің негізгі **міндеттері**: гидрологиялық құбылыстар мен процестердің географиялық ортамен байланысын ашып-көрсету; біртұтас табиғат кешені ретіндегі Дүниежүзілік мұхиттың ерекшеліктерімен таныстыру; дүниежүзілік су айналымының маңызды бір буыны құрлық суларын қарастыру. **«Гидрология»** пәнін оқып-үйрену барысында студенттер: гидросфера және оның құрылымы; үлкен және кіші су айналымы; Дүниежүзілік мұхит және оның бөліктері; мұхит суының қасиеттері және аумақтық айырмашылықтары; ылғалдылық пен буланушылық және олардың сипаттамасы; мұхиттар мен теңіздердің жылу режимі; мұхит суларының қозғалыстары және толқындар; құрлық суларының түрлері, олардың ерекшеліктері; су көздерін пайдалану және қорғау негіздерін **білуі тиіс**. **«Гидрология»** пәнін оқып-үйрену барысында студенттер: су нысандарына далалық жағдайда байқаулар жасап, қарапайым есептеулер жүргізу; жалпы су айналымының сызбасына талдау жасау; сандық мәліметтерді өңдеу негізінде су балансы сызбасын құрастыру; сандық деректер негізінде өзен ағынының жылдық өзгерістерінің сызбасын құрастыру; географиялық атлас, қабырға карталары және сызбалармен жұмыс істей білу; өзеннің су шығынын анықтап, ағын көлемін есептеу; изобаталар арқылы көл тереңдігінің карта-сызбасын құрастыру; әртүрлі дерек көздерін пайдала –

нып, кез келген аумақтағы су көздерінің сипаттамасын құрастыруды **меңгеруі тиіс** [1]. **Сабақ тақырыбы:** Өзендер. **Сабақтың мақсаты:** 1. Өзендердің морфометриялық элементтерімен танысу. 2. Өзендердің ағын модулін және өзен торларының жиілігін есептеп шығаруға үйрету. **Көрнекі-құралдар:** Дүние жүзінің физикалық картасы, әртүрлі анықтамалық атластар, өзеннің морфологиялық элементтерінің сұлбасы. **Тапсырмалар:** 1. Өзеннің морфологиялық элементтерінің сұлбасын пайдалана отырып (1-сурет), негізгі ұғымдарға анықтама беру; 2. Материктердің физикалық карталарын пайдаланып, дүние жүзіндегі ірі өзендердің сипаттамасын беретін кесте құрастыру; 3. Өзеннің су шығыны, ағын модулі, ірі өзендердің ағын модулін есептеп шығару; 4. Белгілі бір аумақ бойынша өзен торларының жиілігін анықтау (кесте түрінде)



**1-сурет. Өзеннің морфологиялық элементтері**

**1-тапсырма.** *Өзен* – дегеніміз өзі қалыптастырған ойпаңда-арнада ұзақ уақыт ағып жатқан табиғи су ағыны. *Өзеннің бастауы* – ағынның тұрақты арнасы басталатын жер Өзендердің бастауы болып әдетте жылғалар, бұлақтар, батпақтар, көлдер, мұздықтар саналады. *Сарқырама* – суы үлкен құламалы және ағысы өте күшті өзеннің шоңғалды телімі. *Сала* – өзенге немесе көлге құятын ағын су. *Арна* – аңғар түбінің өзен суы ағатын ойыс бөлігі. *Жайылма* – өзен аңғарының шөгінділерімен жабылған, су тасыған кезде су басып қалатын тегіс бөлігі. *Атырау* – өзен сағасындағы негізінен өзен шөгінділерінен түзілген және оның тармақтар жүйесімен тілімденген бөлігі. *Су жинау алабы* – үлкен өзенге, көлге құятын өзендер жүйесінің суы жиналатын аумақ. *Терраса* – беткейлік жер бедерінің баспалдақ тәрізді пішіні. *Суайрық* – өзеннің, теңіздің алаптары арасындағы шекара.

*Қатты ағын* – өзен суының тасымалдайтын қатты материалдары. *Өзеннің жылдық ағыны* – өзеннің бір жыл ішіндегі су шығынының мөлшері. *Бифуркация* – бір өзеннің екі алапқа бағытталған бөліктерге ажырауы. *Шоңғал* – қатты тау жыныстары жер бетіне шығып жатқан, еңкіштігі жоғары, ағыны күшті болатын өзеннің тайыз сулы тасты бөлігі. *Меандр* – өзеннің ирелеңдеп ағуынан пайда болатын өзен арнасының бір қалыпты иіні (2-сурет).

*Бөген* – өзен ағынын шаруашылық мақсатта реттеу үшін салынған жасанды су қоймасы. *Өзен сағасы* – өзеннің көлге немесе теңізге барып құятын жері. Қандай да бір аумақта ағып өтетін барлық өзендер өзен торын қалыптастырады, ол көл, батпақ және мұздықтармен бірге гидрографиялық тор құрайды [2, 3].

**2-тапсырма.** Дүние жүзінің физикалық картасы және оқулықты пайдаланып, ірі өзендердің сипаттамасын құрастыру.

1-кесте. Жер шарындағы ірі өзендер

Өзен аты, бастауы, салалары	Ұзындығы, км	Су алабы ауданы, мың км <sup>2</sup>	Орташа су шығыны, м <sup>3</sup> /сек	Қатты ағын, мың т	Құятын жері
<b>Амазонка</b> , Анд т, Укаяли, Риу-Негру, Токантинс, Тапажос, Мараньон, Шингу т.б.	6280	7 875	175 000	498	Атлант мұхиты
<b>Конго</b> , Шығыс Африка таулы үстірті, Луалаба, Чамбеши, Ква, Лванга, Касаи, Убанги т.б.	4320	3 690	46000	64	Гвинея шығанағы
<b>Ніл</b> , Тана көлі, Кагера өз. Көк Ніл, Ақ Ніл, Собат, Эль-Газал, Амбара, Джебель, Атбара	6671	2 870	2870	110	Жерорта теңізі
<b>Янцзы</b> , Тибет таулы қыраты, Ялунцзян, Инхэ, Уицзян, Пяньзиян	6300	1 818	34000	500	Шығыс Қытай теңізі
<b>Ганг</b> , Гималай т, Брахмапутра, Атрай, Гандах, Гхагхра, Коси, Сон, Гумть, Бетва, Джамна, Банас, Ганбол	2700	2 055	38000	217	Бенгаль шығанағы
<b>Обь</b> , Монғол Алтайы, Ертіс, Сосава, Конда, Демьянка, Есіл, Аган, Вах, Алей, Бия, Катунь, Васюган, Тара, Ок, Тура.	5410	2 990	12070	15	Солтүстік Мұзды мұхиты

**3-тапсырма. Су шығыны (Q) деп** өзен қимасы арқылы белгілі бір уақытта ағып өтетін су мөлшерін атайды. Оның өлшемі әдетте м<sup>3</sup>/с.

$$Q=v*\omega$$

v – жылдамдық

ω – қиманың ауданы

**Ағын модулі (M) -** өзеннің су жинау алабының әрбір шаршы км-нен 1 секундта ағып шығатын судың литрмен берілген мөлшері (1 м<sup>3</sup>/сек =1000 л/сек)

$$M=10^3 Q/F$$

10<sup>3</sup> – коэффициент

Q – м<sup>3</sup>/сек

F – аудан –км<sup>2</sup>

**Мысал:** Амазонка өзенінің су жинау алабы 7 875 000 км<sup>2</sup>-ге тең, ал орташа су шығыны 175 000 м<sup>3</sup>/сек. орташа су шығынын су жинау алабы көлеміне бөліп, ағын модулін аламыз. 175 000 /7 875 000 =22 л/сек

**2-кесте. Ірі өзендердің ағын модулі көрсеткіштері**

Өзен аты	Су жинау алабы, мың км <sup>2</sup>	Орташа су шығыны, м <sup>3</sup> /сек	Ағын модулі, л/сек
Амазонка	7 875 000	175 000	22
Ніл	2 870 000	2870	1
Янцзы	1 818 000	34000	18
Миссисипи	3 268 000	19000	5,8
Конго	3 690 000	46000	12,4
Енисей	2 580 000	19000	7,4
Ганг	1 120 000	13000	11,6
Дунай	817 000	6430	7,8

$$K=1,5\sqrt{n/P}$$

1,5 – тұрақты коэффициент

n - өзендер саны

P – ауданы

1-карта. Африканың кешенді картасы (7-сынып)

2-карта. Африканың физикалық картасы (жоғары оқу орындары үшін)

**Мысал:** алдымен Африканың кешенді картасынан 20<sup>0</sup>-30<sup>0</sup> картографиялық тордың ішіндегі өзендер санын санаймыз. Бұл картографиялық тордың ауданын есептеп шығарамыз. Ол үшін параллель және меридиан ұзындықтарын өлшейміз. Картадағы n ұзындығы - 2,8 см, m ұзындығы – 2,8 см. Сандық масштабты 1:35000000 атаулы масштабқа аударамыз. 1 см-де – 350 км. Шыққан мәндерді 350 км-ге көбейтеміз. n =2,8\*350=980 км, m=2,8\*350=980 км. Аудан табу үшін P=980км\*980км=960400 км<sup>2</sup>

$$K_{ж}=1,5\sqrt{5/960400}=0,003 \text{ км/км}^2$$

### 3-кесте. Өзен торларының жиілік коэффициенті

Карта атауы	Масштаб			
	1 Карта	1:35000000	2 Карта	1:20000000
Өзендер саны	5		40	
Ауданы, км <sup>2</sup>	960400		1078000	
Өзен торлары жиілігі K <sub>ж</sub> , км/км <sup>2</sup>	0,003		0,009	

**Қорытынды.** Өзен торларының жиілік коэффициенті алдымен картаның мазмұнына, тағайындалуына байланысты болытын анықтау керек. 1 картада өзен торларының жиілігі аз, өйткені бұл картаның масштабы екінші картамен салыстырғанда ұсақ. Масштаб ұсақ болған сайын картографиялық жинақтау артады. 1-карта Африканың кешенді картасы болғандықтан мұнда өзендердің барлығын көрсету қажет емес. Сондықтан тек ең басты өзендерді іріктеп алып, маңыздыларын бейнелеп отыр. 2-картада өзен торлары жиілік коэффициенті жоғары, бұл картаның масштабы 1-ші картамен салыстырғанда ірі. 2-карта Африканың физикалық картасы, жоғары оқу орындарына арналғандықтан бұнда барлық ірілі-ұсақты өзендер бейнеленген. Бұл карта жоғары оқу орны студенттеріне арналғандықтан біршама көп мәлімет берілген.

Қорыта келгенде, практикалық сабақтарды жүргізу барысында студенттер қарапайым есептеулер жүргізуге, атлас, карталармен жұмыс жасауға, су шығынын анықтауға және су көздеріне сипаттама құрастыруға үйренеді.

1. 050609 – «География» мамандығы бойынша // ГИДРОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ ТИПТІК БАҒДАРЛАМАСЫ – Алматы «Қазақ университеті», 2005. – 23-29 б.
2. Земля иллюстрированный атлас – М. “Махаон” – 2008. 198 с.
3. География және геодезия // Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі – Алматы, 2007 – 10 б., 50 б., 90 б.
4. // [www.wikipedia.org/wiki/ru.Портал: Гидрология](http://www.wikipedia.org/wiki/ru.Портал:Гидрология)
5. Власова Т.В. Физическая география материков и океанов –М.,2005. – 634 с.
6. Михайлов В.Н., Добровольский А.Д. Гидрология – М., Высшая школа; - 2007- 463 с.

### Резюме

В статье анализированы методические подходы к проведению практических занятий по дисциплине «Гидрология» со студентами третьего курса. Даны цель, задачи курса согласно рабочей программе дисциплины. Приведен перечень требований к знаниям и умениям студентов по дисциплине. Даны методические рекомендации по выполнению практических работ на примере темы «Реки».

### Summary

Given article deals with the analysis of methodical approaches in holding practical lessons on “Hydrology” with students the third courses. The aim and tasks of courses are given according to working programme. List of requirements on knowledge and skills of students are given. Methodical recommendations on doing practical lessons, are given subject at the example of: “ Rivers ”.

## ТУРИЗМ

АӨЖ 91(091)

### АЛТЫНЕМЕЛ ҰЛТТЫҚ ТАБИҒАТ БАҒЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

**Е.А. Тоқпанов** – г.г.к., доцент, *І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті*

Табиғи және техногендік ортаның бір-бірімен өзара әрекеттесу үрдісі урбанданған ортаның қоршаған ландшафттарға түсіретін қысымының күннен-күнге артуы табиғаттағы экологиялық тепе-теңдікті бұзуда.

Қазіргі кезеңдегі іс-тәжірибелер ұлттық табиғат бақтарын кеңістіктік-аумақтық игеру барысында табиғи және жасанды компоненттердің өз ара әрекетіннен туындайтын мәселелері шешу үшін бірінші кезекте қалыптасқан күрделі жағдайлардың туу себептерінің экологиялық астарын талдауды қажет етеді. Сондықтан Қазақстандағы ұлттық табиғат бақтарының қолайлы және тұрақты ортасын қалыптастыру мәселелерін ескере отырып, оларды кеңістіктік-аумақтық қайта құру стратегиясын қайта қарау қарау қажет.

Аталған стратегияның ең маңызды бағытының бірі жалпы ауданы 520 000 га жететін «Алтынемел» сияқты мемлекеттік ұлттық табиғат бақтарының экологиялық тұғырының құрылымын дамыту болып табылады.

Экологиялық тепе-теңдікті сақтауды қамтамасыз ету көз қарасы тұрғысынан алғанда антропогендік өзгеріске ұшыраған және өзгеріске аз ұшыраған табиғи аумақтардың өзар қарым-қатынасын оңтайландыру белгілің дәрежеде қоныстану жүйесін кеңістіктік жеклену сипатына тығыз байланысты.

Қазақстандағы ең ірі «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат бағындағы елдімекендердің аумақтық шоғырлануы мен қоныстану жүйелерінің жеке элементтерінің ерекшеліктерін оқып үйрену барысында аталған аумақтағы демографиялық үрдістің сипатын қарастыру қажет.

Ерекше қорғауға алынған аумақ орналасқан Кербұлақ ауданының аумақтық-шаруашылықтық құрамдасуының тарихи дамуын оқып үйрену үрдісінде қоныстану жүйесінің эволюциялық жаңғыруының төменде көрсетілген үш кезеңі анықталды:

1. тұрақты қоныстану құрылымдарын құру міндетін көздемейтін қола, сақ, түркі, қыпшақ, қазақ хандығы замандарын қамтитындегі шашыранды қоныстану жүйелері мен ошақтары басым болатын тарихи түрлендіру кезеңі;

2. патшалық ресей мен КСРО тұсындағы кеңістіктік тұрғыдан алғанда шаруашылыққа пайдалану мүмкіндіктері біршама қолайлы жерлерді іріктеп аумақты жоспарлы-шаруашылықтық пайдалану кезеңі;

3. ауданның жеке бөліктерінің тұғырлық құрылымын құру нәтижесінде көптеген елдімекендердің «кеңістіктік оқшаулануы» байқалған халықтың қоныс аудару белсенділігі өте жоғары болған қазіргі кезең.

«Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат бағы орналасқан Кербұлақ ауданы аумағының қоныстану тарихы қола сақ кезеңдерінен бастау алады.

#### *Экологиялық тұғырдың аумақтық құрылымы.*

1996 жылы құрылған «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат бағы орналасқан Қоңырөлең ойысында Бс ши мен Қоңырөлең ауылдық округтерінің құрамына енетін 6 елдімекен бар. Сәтжол, Ынталы, Қоңырөлең, Басши, Бірінші май, Нұрлы ауылдарында қоныстанған халықтың жалпы саны 13 000 шамасында. Жоғарыда аталған тау аралық ойыстағы ірі ауылдық елдімекендердің қатарына Басши мен Қоңырөлең ауылдары жатады. Ұлттық табиғат бағының кеңсесі 4 000 халқы бар Басши ауылында орналасқан.

Ұлттық табиғат бағының аумағын аудан облыс орталықтарымен байланыстыратын қатты төсенішті жол болмағанымен тартымдылығымен ерекшелінетін тарихи-археологиялық және табиғат ескерткіштері орналасқан саяхаттық нысандарға тек тас төселмеген жолдармен барады, ал автобустар қатынамайды.

Ерекше қорғауға алынған аумақтың әдеуметтік-экономикалық дамуын өзгерістер енгізетін

мүмкіндіктерді ескере отырып, Қоңырөлең ойсындағы қоныстану жүйесінің кеңістіктік ұйымдастырылуы төменде көрсетілген оңтайландыру қағидаларына сәйкес келуі тиіс:

-ерекше қорғауға алынған аумақта қоныстандыру және инженерлік-көліктік тұғырларына қызыметтік, табиғат қорғау, тарихи-мәдени сонымен қатар, экономикалық аймақтарға бөлуге негізделуі;

- қызметтік, табиғат қорғау, тарихи-мәдени және экономикалық тұғырлардың үздіксіздігі;

- қызметтік-жоспарлау, табиғи-экологиялық, көліктік, ландшафттық-композициялық құрылымдардың қарқындылығын арттырып құрылымдау;

- аймақтар мен құрылымдардың аумақтық үйлесімділігі негізінде жерді пайдалану, нысандар салу ережежесін қолдану кедісемді жүргізіліп, қауіпсіздік пен басымдықты есере отырып, адамдардың өмір сүру сапасын арттыру, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселелерін оңтайлы шешу;

- композициялау құралдары, қағидалары мен әдістерін үйлестіру және эстетикалық тұрғыдан қарауды ескеру негізінде қоныстанудың сәлеттік-жоспарлауды қалыптастыру .

Ұлттық табиғат бағы аумағының экологиялық тұғыры экологиялық тұрғыдан алғанда қоршаған табиғи ортаны қорғау, қалпына келтіру қызыметін қоныстануды аумақтық ұйымдастырумен бірлесе отырып бір шама белсенді әрі нәтижелі атқаратын аумақтық элементтерді қолдайды.

#### *Экологиялық тұғырдың аумақтық құрылымы.*

Ұлттық табиғат бағы-бұл өңірдің табиғат жағдайларының тұрақтылығын, сонымен қатар, биологиялық алуан түрлілігін сақтауды қамтамасыз ететін үйлесімді табиғи аумақ. Экологиялық жүйенің өзін-өзі реттеуі қабілеті биологиялық алуан түрліліктің эволюциялық дамуы барысында қалыптасады. Экологиялық жүйенің тепе-теңдігі сақталу үшін аумақтық табиғат кешендерін түзетін құрамдас бөліктердің бір-бірімен өзара байланысы болып, бір тұтас экологиялық тұғырды құруы тиіс [2]

Ұлттық табиғат бағының экологиялық тұғыры төменде көрсетілген құрамдас бөліктерден тұрады: өңірдегі экологиялық баланс пен биологиялық және ландшафттық алуантүрліліктің табиғи жағдайының деңгейін сақтауға мүмкіндік беретін ерекше қорғауға алынған ірі табиғи аумақ енетін негізгі экологиялық тұғырдың; қорғауға алынған аумақтың ерекше құнды құрамдас бөлігі биологиялық және ландшафттық алуантүрлілікті қорғауды қамтамасыз ететін *мақсатты қорғауға алынған табиғи аумақ*;

популяциялардың, жекелеген өсімдіктер мен жануарлар генетикалық алмасуын, қозғалуын, сонымен қатар қоныстануға қажетті жағдай тудыратын – *экологиялық дәліз*;

экологиялық тұғырдың ядросын қорғайтын кедергілі аумақтар [3]

Ұлттық табиғат бағының географиялық орыны мен геологиялық құрылысына сәйкес жер бедері, табиғат жағдайлары мен табиғат байлықтары алуан түрлі. Ерекше қорғауға алынған аумақ емдік-сауықтыру реакциясы мен экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін «Найзатапқан», «Қосбастау», «Мыңбұлақ» минералды су көздеріне, «Ақтау», «Қойбын» сияқты бірегей табиғат ескерткіштеріне, ежелгі көшпелі өркениеттің мұралары болып табылатын «Бесшатыр» патша қорғандары, «Қызылауыз» жартастағы суреттері тәрізді тарихи-археологиялық мұраларға бай.

*Экологиялық тұғырдың желілі құрамдас бөлігіне* экологиялық белсенділіктің білігі қызыметін Шолақтау, Матай, Алтынемел, Үлкен және Кіші Қалқан тауларының суайрықтары, Мыңбұлақ шұраты, Іле өзені, көліктік дәліздері жатады. Желілі құрамдас бөліктерінің басты міндеті табиғи ортаның қозғалғыш құрамдас бөліктерінің қозғалысын қамтамасызету арқылы экологиялық тұғырдың тұтастығын сақтап, экономикалық, әлеуметтік және эстетикалық қызмет атқару. [4]

*Нүктелі құрамдас бөліктерге* немесе ерекше қорғауға алынған аумақтағы экологиялық белсенділік тораптарына ерекше қорғалатын жасыл аймақтар – орманды-бақты белдеулер, туристік-саяхаттық ауданның қорықтық орындары, бірегей табиғи нысандар мен мәдени ландшафттар жатады.

Оларға «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат бағы аумағындағы бүкіл дүниежүзілік табиғат мұраларына енген халықаралық маңызы бар «Әнші құм», «Ақтау» бірегей табиғат ескерткіштері, республикалық маңызы бар Үлкен Қалқан тауының етегіндегі палеоген дәуіріндегі Полтава флорасының тасқа айналған өкілдері сақталған «Шоқан бұлағы», Қатутау, Ақтау тауларындағы палеоген фаунасының қаңқалары сақталған палеонтологиялық ескерткіштер Үлкен Қалқан және

Алтынемел тауларының етегіндегі жарықшақты «Найзатапқан», «Жылыбастау», «Мыңбұлақ» минералды бұлақтары мен емдік балшықтары, Үлкен және Кіші Қалқан тауларының аралығындағы Іле өзенінің ескі арнасында өскен реликтті «Тораңғы» тоғайы мысал болды.

Алтынемел мемлекеттік ұлттық табиғат бағының экологиялық тұғырын жоспарлау тұғырға қатысушы әр бір құрамдас бөліктің сәйкес келетін пайдалану режимі мен құқықтық нормаларына орай белгілі бір рөл атқарады. Экологиялық тұғырды құру төменде көрсетілген қағидаларға негізделеді:

-«табиғат жақсы біледі» қағидасы (мысалы дала ландшафттарының тұрақтылығын егілген ағаш емес, далалық экожүйе қамтамасыз етеді);

- экологиялық дәліз;
- ландшафты полярлау (Родоман қағидасы);
- кедергілі (буферлі) аймақ;
- иерархиялық ұяшықтар (Пономаренко қағидасы);
- жалпы иерархиялық тұрақтылық;
- табиғат кешендері мен экономиялық инфрақұрылымдардың бір-біріне өзара кірігуі;
- ауқымы мен қызыметі жағынан аумақтың әр түрлі болуы;
- жекелеген телімдердің салыстырмалы экологиялық дербестігі мен дискреттілігі;
- экожүйенің репрезенттілігі;
- аумақтың дамуында тарихи үрдісі ескеру;
- аумақтың әр бір телімдерінің табиғат жағдайларының жеке ерекшеліктерінің болуы [5].

#### *Аумақтың табиғи тұғыры.*

Табиғатты пайдалану саласындағы кері әсерінің азаюу шегіне қарай экологиялық тұғырдың құрылымы жекелеген аудандық құрамдас бөліктерге бөлінуі мүмкін. Кез-келген аумақ ұйымдастыру негізі ерекше жауапкершілікті қажет ететін желілер мен аймақтар жүйесінен тұратын экологиялық тұғырды құру арқылы жүзеге асырылады. Аумақтағы экологиялық жүйелердің өз тепе-теңдігін сақтауы қабілеті табиғи тұғырдың қызыметіне тығыз байланысты. Табиғи тұғырды түзетін құрамдас бөліктер әр түрлі экологиялық қызымет атқарады (Кулешова, Мазуров, 1994).

Аумақтың табиғи тұғыры үш типтік құрамдас бөліктен тұрады. Оларға табиғи тұғырының орта түзуші қызыметі, аумақтың бірегейлігі мен кедергілі-бөлу құрамдас бөліктері, сонымен қатар, тұғыр тораптары атқаратын ның ақпараттық қызыметі немесе П. Кавалаяускастың (1985, 1988), пікірі бойынша оның табиғи-географиялық терезелері жатады.

Желілерге ағындар, ірі батпақтар, көлдер шоғыры, қарқынды жер астыағындары ірі орман алқаптары мен шұраттар, шөлді алқаптар қалыптасатын орындар жатады. Желі аумағын бір тұтас геодинамикалық жүйеге біріктіретін қатынастық қызыметті зат пен энергия айналымын тудыратын негізгі магистральды транзиттік дәліздер атқарады. Оған өзен аңғарлары тағыда басқалар жатады [6].

Қоршаған орта қорғаушы рөлді белсенді бүйір ағындары түзілетін ареал болып табылатын транзиттік дәліздерді қорғайтын аумақтағы кедергілі аумақтар атқарады. «Алтынемел» мемлекеттік ұлттық табиғат бағының табиғи тұғырының аталған қызыметті Іле өзені аңғарындағы тоғай алқаптары, тау беткейлеріндегі шөлейтті-далалы ландшафттар мен жерасты сулары жер бетіне жақын орналасқан шұраттар атқарады. Ерекше қорғауға алынған аумақтың табиғи тұғырының негізінде адам қоғамы құрған индустриалды орталықтардан, ірі және шағын қалалардан және оларды бір-бірімен байланыстыратын көлік магистральдарынан тұратын -демоэкономикалық тұғыр қалыптасады.

*Демоэкономикалық тұғырдың* қызыметі табиғи тұғырға кері әсер етіп, оның нәтижесі экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына әкеп соқтырады..

